# “Қаржылық құқық” пәнінен тест сұрақтары :

**1. Қаржы дегеніміз не ?**
A) Азаматтардың ақшалары;
B) Айырбас процессіндегі ақшалар;
C) Коммерциялық банктердің ақша қаражаттары;
D) Мемлекеттің ақша қаражаттары қорлары;
E) Жекеменшік шаруашылық субъектілерінің қаражаттары.

**2. "қаржы" термині латын тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді:**
A)Төңкерілген стол деген мағынаны;
B) Бір нәрсені төлеудің мерзімі;
C) Азаматтардың ақшасы деген мағынаны;
D) Шетел азаматтарының қаражаттары;
E) ҚР резиденттерінің ақша-қаражат қорлары деген мағынаны білдіреді.

**3. Мына-іс-қимылдың қайсысы қаржылық қызметке жатады**
A) коммерциялық банктердің ақшалай операциялары;
B) азаматтардың ақша-тауар, тауар-ақша процессіндегі әрекеттері;
C) мемлекеттің немесе мемлекеттің өкілетті органдарының әрекеттері;
D) шетелдік заңды тұлға- резиденттің ақшалай операциялары;
E) кәсіпкерлік қызмет объектілерінің ақшалай операциялары;

**4. Қаржылық қызметті жүзеге асырудағы жеке қаржылық құқықтық актілер шығаруға жатады:**
A) Парламенттің заңдары;
B) мүлікке салық төлеу туралы салық органының хабарламасы;
C) Салықтар және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы" ҚР Заңы
D) ҚР Валюталық реттеу туралы Заңы
E) Қаржы министрлігінің "Кассалық операциялар жүргізу туралы Ережесі"

**5. Мәжбүрлі - салыстырмалы түрде қайтарылатын негізде ақша қорларын жұмылдыруға жатпайды:**
A) транспорт тіркеудегі алынатын алым;
B) мәмілелерден түскен проценттер (мүлікті сату-сатып алу);
C) халықтық ақшаларын мемлекеттік банктерде сақтауы;
D) белгілі бір кәсіпкерлік түрімен айналысуға лицензия беру үшін алынатын алым;
E) баждар.

**6. "қаржы жүйесінің" материалдық мағынасы:**
A) банктерде жинақталған азаматтардың ақшалары;
B) орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларының жиынтығы;
C) мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіндегі ақша қаражаттары;
D) тек жергілікті атқару органдарының ақша қорларының жиынтығы;
E) тек жергілікті өкілді органдардың ақша қорларының жиынтығы.

**7. Қаржылық қызмет дегеніміз не:**
A) Жеке меншіктегі банктердің ақша қаражаттарын тартуға байланысты операциялары;
B) Мемелекеттік меншіктегі банктердің ақша қаражаттарын тартуға байланысты операциялары;
C) Шетелдік қатысуы бар банктердің ақша қаражаттарын тартуға байланысты операциялары;

D) Жеке меншіктегі банктердің құрылымдық бөлімдерінің ақша қаражаттарын тартуға байланысты операциялары;
E) Жеке меншіктегі банктердің есеп - айырысу кассаларының ақша қаражаттарын тартуға байланысты операциялары;

**8. Қаржылық қызметтің мақсаты:**
A) мемлекеттік кәсіпорындарды ақшалай қамтамасыз ету;
B) азаматтарға ақшалай көмек көрсету;
C) мемлекеттік органдарды ақшамен қамтамасыз ету;
D) шетел азаматтарына ақшамен көмек көрсету;
E) қоғамның әлеуметтік - экономикалық инфра-құрылымдарының ойдағыдай қызмет жасауына қолайлы жағдай жасау

**9. Қаржылық қызметтің басты қағидасы:**
A) жоспарлылық;
B) қоғамның бақылауында болуы;
C) қоғамның мұқтаждығын әрқашан есепке алу;
D) тиімділік, ұтымдылық;
E) тұрақтылық, жүйелілік.

**10. Қаржыларды қалыптастырудың негізгі тәсілі:**
A) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырудан түскен қаражатты пайдалану;
B) салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді алу;
C) эмиссия жүргізу;
D) мемлекеттік заемдар алу;
E) сырттан қарыз алу.

**11. Қаржылық қызметтің нормативті сипаттағы құқықтық формасы болып табылады:**
A)салық көзін жасырып қалғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы соттың қаулысы;
B) Қолдан бағалы қағаз жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы соттың үкімі;
C) материалдық зиянның орнын толтыру туралы соттың шешімі;
D) жер салығын төлеудің мерзімі, көлемі, уақытын көрсететін салық инспекциясының актісі;
E) ҚР Ұлттық Банкісінің ломбардтар туралы Ережесі.

**12. Қаржылық қызметтің жеке сипаттағы құқықтың формасы болып табылады:**
A) ҚР Президентінің Қаржы министрлігінің министрін тағайындау туралы жарлығы.
B) ҚР 2006 жылға арналған республикалық бюджеті туралы Заңы.
C) маслихатпен бекітілген аудан бюджеті;
D) Қаржы министрлігінің "Бухгалтерлік есеп жүргізу ережелері туралы" қаулысы;
E) ҚР Ұлттық Банкісінің "Валюталық операцияларды жүргізу тәртібі туралы Ережесі.

**13. Кредиттеуге тән белгі:**
A)қайтарылмайтындығы;
B) мерзімі көрсетілмеуі;
C) қатаң құпия түрде берілуі;
D) міндетті түрде ақшасыз формада болуы;
E) қайтарылатындығы.

**14. Мақсаты көрсетіліп қаржыландыру қалай аталады:**
A) Дотация;
B) субвенция;
C) ревальвация;
D) девальвация;
E) кредиттеу.

**15. Кредиттеудің түрлеріне жатпайды:**
A) банкілік;
B) бюджеттік;
C) ведомстволық;
D) мамандандырылған органадардың кредит беруі;
E) бюджеттік мекемелердің азаматтарға кредит беруі.

**16. Қаржыландырудың белгілеріне жатпайды:**
A) ақшасыз түрде болуы;
B) мерзімсіз түрде болуы;
C) қайтарылмайтын түрде болуы;
D) үстеме баға қосылып қайтарылуы;
E) қолданылу мақсатының кей жағдайда көрсетілуі.

**17. Мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру тәсілдеріне жатпайды:**
A) ақша қаражаттарын қайтарылмайтын - еріксіз түрде тарту;
B) қайтарылатын - ерікті түрде тарту;
C) қайтарылмайтын - ерікті түрде тарту;
D) қаржыландыру негізінде тарту;
E) салыстырмалы - қайтарылатын, мәжбүрлі негізде тарту.

**18. Мемлекеттің ақша қорларын бөлу тәсілі болып табылады:**
A) эмиссия;
B) баждар алу;
C) кредиттеу;
D) ақша қорларын пайдаланудың экономикалық нормативтерін белгілеу;
E) ақша қорларын пайдалануға бақылау жүргізу.

**19. Ақша қорларын пайдалануды ұйымдастыру әдісіне жатады:**
A) қаржыландыру;
B) кредиттеу;
C) қор иесінің өз міндеттемелерін орындауы;
D) ақша қорларының қолданылу мақсатын белгілеу;
E) өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде түскен кірістерін пайдалану.

**20. Мемлекеттің қаржылық қызметінің формасы болып табылмайды:**
A). нормативті сипаттағы заң актілерін шығару;
B). жеке сипаттағы актілерді шығару;
C). қаржылық-жоспарлы актілер шығару;
D). азаматтық-соттық актілерін шығару;
E). қаржылық шарттарға отыру.

**21. Нормативті сипаттағы қаржылық-құқықтық актіге тән белгі:**
A) нақты субъектіге арналып шығарылуы;
B) негізінен әрекет ету мерзімінің шектелуі;
C) құқық нормаларының болмауы;

D) бір рет қана қолданылатындығы;
E) жалпыға міндеттілігі.

**22. Арнаулы қаржылық жоспарлы актіге тән белгі:**
A) құқық нормаларының болмауы;
B) жалпыға міндетті болмауы;
C) нақты субъектілерге арналып, белгілі бір органдармен ғана шығарылуы;
D) өкілді билік органдармен шығарылуы;
E) тек бюджетке түсетін түсім көздерін көрсетуі.

**23. Қаржылық қызмет процессінде заңдылықты қамтамасыз ету тәсіліне жатпайды:**
A) прокурорлық қадағалау;
B) адвокаттық бақылау;
C) кінәлілерді жауаптылыққа тарту;
D) конституциялық қадағалау;
E) қаржылық бақылау жүргізу.

**24. Кредиттік шарт дегеніміз не ?**
A) азамат пен кәсіпорын арасындағы қарыз беру (алу) жөніндегі келісім;
B) кәсіпорын мен кәсіпорынның арасындағы қарыз беру жөніндегі келісім;
C) қарыз беруші банк пен қарыз алушының арасындағы банктік несие беру жөніндегі келісім;
D) азамат пен азаматтың арасындағы қарыз беру жөніндегі келісім;
E) министрлік пен кәсіпорынның арасындағы ақша беру жөніндегі келісім.

**25. Мемлекеттік қаржылардың негізгі мақсаты:**
A) Төлем балансының сақталуын қамтамасыз ету;
B) Мемлекеттің өмір сүруін ақшамен қамтамасыз ету;
C) Валюта курсының жоғарылауына жағдай тудыру;
D) Заңдылықты қамтамасыз ету;
E) Қайта қаржыландыру ставкісін белгілеу.

**26. Қаржылық қызметке жатпайды:**
A) банкілік операциялар;
B) бағалы қағаздармен операциялар;
C) лизинг;
D) кеңес беру;
E) сақтандыруға байланысты операциялар.

**27. Мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық негіздері:**
A) Қаржы Министрлігінің нормативті актісі;
B) министрліктер мен ведомстволардың нормативті актілері;
C) қаржылық-құқықтық шарттар;
D) ҚР Конституциясы және қаржылық заңдар;
E) мемлекеттік банктер мен сақтандыру компанияларының нормативті актілері.

**28. Қаржылық құқының жүйесі неше бөлімнен тұрады:**
A) 1;
B) 3;
C) 4;
D) 2;

E) 5;

**29. Қаржылық құқының пәні дегеніміз не:**
A) ақшаға байланысты қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы;
B) жәрдемақы, жалақы төлеу жөніндегі қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы;
C) мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру, бөлу, пайдалануды ұйымдастыру барысында туындайтын қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы;
D) коммерциялық банктердің ақшалай операцияларын жүзеге асыру барысында туындайтын қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы;
E) мемлекеттік басқару органдарының қызметтерінің барысында туындайтын қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

**30. Біржақты - өктем құқықтық реттеу әдісі:**
A) қатысушы екі жақтың заң жүзіндегі теңдігін белгілейді;
B) императивті сипатта болғандықтан, екі жақтың тең құқықтық емес екендігін білдіреді;
C) екі кәсіпорын арасындағы қатынастарды реттейді;
D) екі азаматтың арасындағы қатынастарды реттейді;
E) шетелдік кәсіпорын мен жеке меншік кәсіпорынның арасындағы қатынастарды реттейді.

**31. Қаржылық құқықтың құқықтық реттеу тәсілдері:**
A) диспозитивті;
B) императивті;
C) императивті және диспозитивті;
D) диспозитивті және тек кейбір жағдайларда, Үкімет белгілеген реттерде ғана императивті;
E) императивті және Президент белгілеген жағдайларда ғана диспозитивті.

**32. Императивті тәсілдің белгілері:**
A) жақтардың құқықтары мен міндеттері екі негізде: нормативті акт және шарт негізінде қалыптасады;
B) қатынасқа түсуші екінші жақтың өз еркін білдіруге мүмкіндігі бар;
C) нормативті акт мемлекетке тек құқықтар емес , міндеттер де жүктейді;
D) қатынасқа түсуші екі жақ бір-біріне тең болады;
E) жақтардың мемлекет белгілеген нұсқауынан ауытқуына болмайды.

**33. Диспозитивті тәсілге тән белгі:**
A) мемлекет шығарған нормативті акт жақтардың барлық жүріс-тұрысын реттеп береді.
B) жақтардың мемлекет белгілеген нұсқаулардан ауытқуына жол берілмейді;
C) мемлекеттің нұсқауы мәжбүрлеу механизмімен қамтамасыз етілген;
D) жүріс-тұрысты таңдап алу мүмкіншілігі тек маңызды емес мәселелерге байланысты болады.
E) Екінші жақтың өз еркін білдіруге құқығы бар.

**34. Қаржылық құқықтың қайнар көздері болып табылмайды:**
A) ҚР Парламентінің қаулылары;
B) ҚР Үкіметінің актілері;
C) сот прецеденті;
D) атқару билігі органдарының актілері;
E) маслихаттың актілері.

**35. Төмендегілердің бірі қаржылық құқықтың бөліміне жатпайды:**

A) Бюджеттік құқық;
B) Қаржылық-сақтандыру құқығы;
C) Салықтық құқық;
D) Банкілік құқық;
E) Қаржылық-шаруашылық құықғы.

**36. Қаржылық құқықтың қайнар көзіне жатпайды:**
A) ҚР "Салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы Заны
B) ҚР "Валюталық реттеу" туралы Заңы.
C) ҚР Премьер - министрі қол қойған Үкіметтің қаулысы.
D) ҚР Тәуелсіздігі туралы заң.
E) Жылдар бойы елімізде қалыптасқан әдет-ғұрып.

**37. Қаржылық құқының жалпы бөлімінде қарастырылатын институт:**
A) қаржылық-салықтық құқық;
B) қаржылық-банкілік құқық;
C) мемлекеттік кәсіпорындардың құқықтық жағдайын реттейтін нормалар;
D) мемлекеттік - сақтандыруға байланысты нормалар;
E) мемлекеттің ақша жүйесінің құқықтық негіздері.

**38. Қаржылық құқы:**
A) әкімшілік құқықтың бір институты;
B) Конституциялық құқықтың бір бөлімі;
C) азаматтық құқықтың бір институты;
D) өзіндік дербес құқық саласы;
E) бюджеттік құқықтың бір институты.

**39. Қаржылық құқығы неге құқық саласы болып есептелінеді ?**
A) өзіне тән құқық нормалары болғандықтан;
B) қаржылық қатынастарды реттейтін болғандықтан;
C) мемлекеттің өркендеуіне әсерін тигізетін құқық болғандықтан;
D) өзіне тән ақша қорлары болғандықтан;
E) өзіне тән құқықтық реттеу пәні және құқықтық реттеу әдістері болғандықтан.

**40. Қаржылық-құқықтық қатынастар:**
A) Мемлекеттік емес банктердің қызметтері саласындағы қатынастар;
B) қаржылық-құқықтық нормалармен реттелген қатынастар;
C) айырбастау процесінде туындайтын ақшалай қатынастар;
D) кәсіпкерлік, коммерциялық қызмет саласындағы ақшалай қатынастар;
E) министрліктер мен ведомстволарды құру кеінде туындайтын қатынастар.

**41. Қаржылық қатынастардың пайда болу саласы:**
A) коммерциялық банктердің қызметі барысында;
B) шаруашылық субъектілерінің қызметтері барысында;
C) мемлекеттік кәсіпорындардың қызметтері барысында;
D) мемлекеттік ақша қаражаттарын қалыптастыру және бөлу барысында;
E) сақтандыру ұйымдарының ақша қаражаттарына байланысты пайда болған қатынастар.

**42. Қаржылық құқық реттейтін қоғамдық қатынастар:**
A) мемлекеттік мүлікті жекешелендіру процессінде пайда болатын қатынастар;
B) мемлекеттік басқару процессінде пайда болатын қатынастар;
C) жеке қаржыларды басқару процессінде пайда болатын қатынастар;

D) жеке банктерді ұйымдастыру процессінде пайда болатын қатынастар;
E) мемлекеттік қаржыларды басқару процессінде пайда болатын қатынастар

**43. Қаржылық-құқықтық қатынастардың оқиғаға байланысты пайда болуы:**
A) мемлекеттік органның жеке қаржылық жоспарлы акт шығаруы;
B) қаржылық шартқа отыру;
C) салық салынуға тиісті объектіні алу;
D) семьялық жағдайының өзгеруі;
E) салық салынуға тиісті объектіні сатып алу.

**44. Қаржылық құқық реттейтін қатынастар қайсысы:**
A) ақша жүйесін қалыптастыруға байланысты қоғамдық қатынастар;
B) басқаруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар;
C) жалақы төлеуге байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар;
D) кедендік баждарды алуға байланысты туындайтын қатынастар;
E) мүлікке байланысты туындайтын қатынастар.

**45. Төмендегі қатынастардың ерекше белгілерінің қайсысы қаржылық-құқықтық қатынастардың ерекшеліктеріне тән емес:**
A) мемлекеттің қаржылық қатынастарды құқықтық реттеуінің нәтижесінде туындайды;
B) бұл қатынастардың міндетті субъектісі мемлекет болып табылады.
C) бұл қатынастардың материалдық объектісі айырбас процесіне қатысатын ақшалар болып табылады.
D) бұл қатынастар мемлекеттік өктем сипатта болады.
E) қаржылық қызмет процесстерін байланыстырады.

**46. Қаржылық-құқықтық қатынас субъектілері:**
A) тек мемлекет пен заңды тұлғалар;
B) тек мемлекет пен жеке тұлғалар;
C) тек мемлекет пен әкімшілік-аумақтық бірліктер;
D) тек мемлекет пен шетелдік компаниялар;
E) мемлекет пен қаржылық құқық қабілеттілігі мен әрекетқабілеттігі бар тұлғалар.

**47. Қаржылық-құқықтық шарттың ең басты белгісі**
A) Ол қаржылық қызметті жүзеге асырудың заңды жолы болып табылады;
B) Тек екі жақтың теңдігіне негізделген;
C) Қаржылық - экономикалық қатынастардың құқықтық нысаны болып табылады;
D) Азаматтық-құқықтық шарттардан өзгешелігі шамалы;
E) Бір жағында әрқашан мемлекет немесе мемлекеттік өкілетті орган тұрады.

**48. Қаржылық қатынастарға тән белгі болып табылмайды:**
A) олар ақша түріндегі бір жақты қозғалысты білдіреді;
B) товар түріндегі құнның қарсы қозғалысына араласпайды;
C) ақша-товар, товар-ақша қатынастарына негізделген;
D) ақша қатынастары мек мемлекеттік қорға қарай, немесе одан алушыға қарай қозғалысты білдіреді;
E) қаржылық қатынастар бөлу түрінде жүргізіледі.

**49. Белгілі бір әрекеттерді жасауға рұқсат беретін нормалар қалай аталады:**
A) міндеттеуші;
B) тыйым салушы;
C) уәкілдік беруші;

D) ұйымдастырушылық;
E) материалдық.

**50. Қаржылық қызметтің формалары мен процедурасын көрсететін нормалар:**
A) материалдық деп аталады;
B) тыйым салушы нормалар болып табылады;
C) рұқсат беруші нормалар болып табылады;
D) ұйымдастырушы нормалар болып табылады;
E) міндеттеуші нормалар болып табылады.

**51. Қаржылық-құқықтық нормалардың құрылысы неше элементтен тұрады.**
A) тоғыз;
B) сегіз;
C) бес;
D) үш;
E) төрт.

**52. қаржылық-құқықтық норманың санкциясына тән емес белгі:**
A) үнемі ақшалай сипатта болады;
B) санкциялардың біржаққа (мемлекетке қарсы шыққан жаққа) бағытталғандығы;
C) жауаптылыққа тарту нәтижесінде алынған ақша тікелей жауаптылыққа тартып тұрған органға барып түседі;
D) қаржылық - құқықтық санкциялар жазалау сипатында болады;
E) олар қайта қалпына келтіру функциясын жүзеге асырады.

**53. Шартты (диспозитивті) қаржылық-құқықтық қатынасқа тән белгі:**
A) мемлекеттің бір-жақты өктем нұсқауының нәтижесінде пайда болады;
B) екінші жақтың келісімі қажет емес;
C) "билік және бағыныштылық" моделіне негізделген;
D) екі жақ бір-біріне тең емес және еріктілік жоқ;
E) жақтардың келісіміне негізделген.

**54. Қаржылық-құқықтық қатынастардың субъектілері:**
A) тек мемлекет, немесе мемлекеттік орган;
B) тек мемлекеттік орган, ұлттық-территориялық құрылымдар;
C) тек мемлекеттік заңды тұлғалар;
D) тек мемлекет, мемлекеттік орган, ұлттық-территориялық және әкімшілік-территориялық құрылымдар, заңды тұлғалар, жеке тұлғалар;
E) тек жеке тұлғалар.

**55. Әрекет негізінде пайда болған қаржылық-құқықтық қатынас:**
A) мемлекеттік органның бюджетті бекітуі;
B) салық салу объектісінің найзағай нәтижесінде өртеніп кетуі;
C) баланың туылуы;
D) зейнетақылық жасқа толуы;
E) қаржылық-жоспарлы актінің әрекет ету мерзімінің өтуі.

**56. Қаржылық-құқықтық қатынастың пайда болуына әкелетін заңдық факт:**
A) салық төлеуші жеке тұлғаның жағдайының өзгеруі;
B) салық салу объектісінің ұлғаюы;
C) бұрын жасалынған қаржылық-құқықтық шарттың өзгеруі;
D) салық төлеуші заңды тұлғаның құқықтық статусының өзгеруі;

E) қаржылық-құқықтық шартқа отыру.

**57. Қаржылық-құқықтық қатынастарға тән белгілердің бірі:**
A) олар мүліктік сипатта болады;
B) қатынасқа түсушілердің құқықтары мен міндеттері тең болады.
C) олардың міндетті субъектісі азаматтар болады;
D) олар әрдайым мемлекеттің ақша қаражатымен байланысты болады;
E) олар міндетті түрде қандайда бір міндеттерді жүктейтін қатынастар.

**58. Қаржылық-құқықтық қатынастардың ерекшелігі болып табылмайды:**
A) олар көбінесе мемлекеттік - өктем сипаттама болады;
B) мемлекет оларға қатысушы міндетті субъект болып табылады;
C) мемлекеттегі азаматтардың ақша, қаржыларының пайда болуын көрсететін қатынастар;
D) қаржылық-құқықтық қатынастардың заты - ақша немесе ақшалай міндеттеме;
E) мемлекеттің қаржылық қызметімен байланысты процесстерді көрсетеді.

**59. Төмендегі әрекеттердің қайсысы қаржылық-құқының нормаларымен реттеледі:**
A) мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерін жұмыстан шығару;
B) шетелге бару үшін рұқсат (виза алу);
C) алимент төлеу туралы соттың шешім шығаруы;
D) автомобильді арендаға алу туралы кәсіпорынның шешім шығаруы;
E) салық салынатын объектіні сатып алу.

**60. Төмендегі белгілердің бірі қаржылық қатынастарды дұрыс сипаттамайды:**
A) олар өктем сипатта болады;
B) міндетті қатысушы субъектісі мемлекет;
C) олар бөлу сипатында болады;
D) олар мүліктік емес сипатта болады;
E) олар мемлекеттің құқықтық реттеуінің нәтижесінде пайда болады.

**61. Мемлекеттік қазынаның ең басты құрамдас бөлігі:**
A) мемлекеттің алтын қоры;
B) мемлекеттің алмас қоры;
C) мемлекеттік бюджет;
D) мемлекеттік жер, су, қазба байлықтары;
E) мемлекеттік валюта қоры.

**62. Орталықтандырылған қаржылар:**
A) министрліктер мен ведомтсволардың ақша қорлары;
B) бюджеттік ұйымдардың ақша қорлары;
C) республикалық бюджет пен жергілікті бюджет;
D) мемлекеттік кәсіпорындардың ақша қорлары;
E) мемлекеттік емес сақтандыру ұйымдарының ақша қорлары.

**63. Орталықтандырылмаған қаржылар:**
A) мемлекеттік емес шаруашылық субъектілерінің ақша қаражаттары;
B) мемлекеттік банктердің ақша қорлары;
C) мемлекеттік сақтандыру ұйымдарының ақша қорлары;
D) жергілікті өкілді және атқарушы органдардың ақша қорлары;
E) мемлекеттік басқару органдарының, мемлекеттік шаруашылық субъектілерінің ақша қорлары.

**64. Мемлекеттің қаржы жүйесін қалыптастыруға әсерін тигізетін факторлар:**
A) мемлекеттің түрі, формасы және экономикасының қай меншікке негізделгендігі.
B) халқының саны;
C) мемлекеттік органдарының саны;
D) мемлекеттегі ұлттардың түрлері;
E) мемлекеттегі қоғамдық бірлестіктердің түрлері.

**65. Төмендегілердің қайсысы халықаралық қаржылық институттарға жатпайды:**
A) Халықаралық даму ассоциясы;
B) Халықаралық валюталық қор;
C) Европалық инвестициялық банк;
D) Халықаралық қайта қалпына келтіру банкі;
E) Көпжақты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі.

**66. Қаржылық жүйе дегеніміз не:**
A) Мемлекеттегі банктердің ғана жиынтығы;
B) Мемлекеттегі сақтандыру ұйымдарының ғана жиынтығы;
C) Мемлекеттегі қаржылық-экономикалық институттардың жиынтығы;
D) Мемлекеттегі зейнетақы қорларының ғана жиынтығы;
E) Мемлекеттегі бюджеттен тыс қорлардың жиынтығы.

**67. Ақша қоры дегеніміз не ?**
A) біршама айрықшаланған, белгілі бір мақсаттарға арналған мемлекеттің ақша қаражаттарының бір бөлігі;
B) ақша қаражаттарының жиынтығы;
C) мемлекеттік емес банктердің ақша қаражаттарының жиынтығы;
D) шаруашылық субъектілерінің банктердегі ақша қаражаттары;
E) азаматтардың халықтық банктегі салымдарының жиынтығы.

**68. Ақша қорлары дегеніміз:**
A). шаруашылық субъектілердің банктердегі салымдары;
B) белгілі бір мақсаттарға арналған мемлекеттің ақша қаржаттарының белгілі бір бөлігі;
C) Қазақстан Республикасының Халықтық банкіндегі азаматтардың салымдары;
D) ақша қаражаттарының жиынтығы;
E) Министрліктер мен ведомстволардың ақша қаржаттары.

**69. Эмиссия дегеніміз не:**
A) басы артық ақша белгілерін айналымнан алып тастау;
B) белгілі бір арақатынастықты сақтай отырып ақшаның бағалылығын өзгерту.
C) жаңадан ақша белгілерін айналымға шығару;
D) қайтарылмайтын негізде ақша қаражаттарын беру;
E) қайтарылатын негізде ақша қаражаттарын беру.

**70. Ақша жүйесінің элементі болып табылмайды:**
A) ақша-бірлігі;
B) ақша айналымы тәртібі;
C) валюта режимі;
D) валюталық курс;
E) ақшалай алым.

**71. Ақша айналымын тәртіке келтіру құралдарына жатпайды:**

A) девальвация;
B) дамнификация;
C) деноминация;
D) ревальвация;
E) нуллификация.

**72. Мемлекеттің ақша жүйесі дегеніміз:**
A) мемлекеттің ақша қаражаттарының жиынтығы;
B) мемлекеттегі ақша айналымын ұйымдастырудың нысаны;
C) ақша қаражаттарының биметаллистік айналымы;
D) қағаз ақшалардың және металл моненталардың жиынтығы;
E) алтынмонета стандартының өмір сүруі.

**73. Ақша шығаруға эмиссиялауға айрықша құқығы бары қайсысы:**
A) мемлекеттік банктер;
B) ҚР Ұлттық Банкі;
C) ҚР Каржы министрлігі;
D) ҚР Қаржы министрлігі және Ұлттық Банк
E) ҚР Үкіметі.

**74. Қазақстан Республикасында валюталық бағалылықтарға жатпайды:**
A) шет ел валютасы;
B) шетел валютасындағы бағалы қағаздар;
C) ұлттық валюта;
D) бағалы тастар;
E) бағалы металлдар.

**75. Валюта дегеніміз не:**
A) тек шетелдің ақша қаражаттары;
B) тек өзімізге достас елдердің ақша қаражаттары;
C) қандай да болмасын мемлекеттің ақша бірлігі;
D) тек еркін жүретін ақша бірлігі;
E) жартылай айналымға түсетін шет елдің ақшасы.

**76. Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеудің негізгі жолы:**
A) бағалы қағаздар рыногына қатысушылардың қызметін лицензиялау;
B) бағалы қағаздар рыногына қатысушылардың жүріс-тұрысын белгілейтін нормативті-құқықтық актілер шығару;
C) бағалы қағаздар рыногында заңдарды бұзғандарды жауапкершілікке тарту;
D) биржадан тыс рыноктағы айналыстағы бағалы қағаздардың бағасын белгілеу;
E) бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтарын қорғауды ұйымдастыру.

**77. Ақшаның экономикалық категория ретіндегі негізгі функцияларының ең бастысы:**
A) қазына жию құралы;
B) төлем құралы;
C) құн өлшемі;
D) айналым құралы;
E) дүние жүзілік ақша.

**78. Айналымдағы ақшалардың бағалылығын шетелдік валюталарға байланысты етіп азайту қалай аталады:**

A) ревальвация;
B) девальвация;
C) деноминация;
D) дефляция;
E) дамно.

**79. Айналымдағы ескі ақшаларды белгілі бір арақатыстықты қолданып, ірі ақшаларға айырбастау қалай аталады:**
A) дамно;
B) дефляция;
C) деноминация;
D) ревальвация;
E) девальвация.

**80. Айналымнан басы артық ақшаларды алып тастау арқылы ақшаның санын азайту қалай аталады:**
A) девальвация;
B) ревальвация;
C) деноминация;
D) дефляция;
E) дамно.

**81. Ұлттық валютаның курсын басқа мемлекеттің валютасының курсына етіп жоғарылату қалай аталады:**
A) ревальвация;
B) девальвация;
C) дефляция;
D) дамно;
E) деноминация.

**82. Төмендегілердің бірі мемлекеттің ақша жүйесінің элементі болып табылмайды:**
A) ақша айналымы тәртібі;
B) ақша эмиссиялау тәртібі;
C) валюта режимі;
D) ақша белгілерінің түрлері;
E) құнның ресми масштабы.

**83. Ақша - кредит саясатын дайындау және жүзеге асыру кімнің құзыретінде:**
A) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің Басқармасының құзыретінде;
B) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің Директорлар Кеңесінің құзыретінде;
C) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің Директоратының құзыретінде;
D) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің Төрағасының құзыретінде;
E) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің Филиалдарының басшыларының құзыретінде.

**84. ҚР-ның ақша жүйесінің белгілері болып табылмайды:**
A) республиканың ақша жүйесі ақша товары түріндегі ақшаға негізделмеген;
B) теңге республика территориясындағы жалғыз төлем құралы;
C) режимі бойынша теңге жартылай айналатынға жатады;
D) қағаз ақшалардын құрылысы банкноталардан тұрады.
E) ҚР -да ақша эмитенті ҚР Ұлттық банкі және Каржы министрлігі.

**85. Қолда жоқ ақша айналымының артықшылығына жатпайды:**
A) чектермен, карточкалармен есеп-айырысуда уақыт үнемді болады;
B) ақша шығаруға көп шығын кетпейді;
C) мемлекет оңай бақылап отырады;
D) қолда жоқ ақша айналымы инфляциялық процесстерге алып келеді;
E) есеп-айырысу операциялары тиімді болады.

**86. Валюталық монополия объектілеріне жатпайды:**
A) төлем құжаттары;
B) шетел валютасы;
C) бағалы металдар;
D) транспорт құралдары;
E) өңделмеген күйдегі табиғи қымбат тастар.

**87. Ақша айналымының қағидаларына жатпайды:**
A) жеделділік;
B) заңдылық;
C) есеп-айырысу формаларын таңдау;
D) өз ақша қаражаттарын пайдаланудағы бостандығы;
E) ақша операцияларын жүргізуге шектеудің тек Парламентпен қойылуы.

**88. Мынадай жағдай бағалы қағаздарды эмиссиялауды тоқтата тұруға негіз болып табылмайды:**
A) ҚР заңдарының бұзылуы;
B) бағалы қағаздарды шығаруда дұрыс емес мағлұматтар беру;
C) бағалы қағаздарды эмиссиялаудың тиімсіздігі;
D) жазылу кезінде эмиссия шарттарын елеулі түрде өзгертетін жаңа мағлұматтың келіп түсуі;
E) тіркелген эмиссия көлемінің асып кетуі.

**89. Бағалы қағаздар айналымын мемлекеттік реттеу тәсілдеріне жатпайды:**
A) Бағалы қағаздарды эмиссиялау тәртібін, шарттарын белгілеу.
B) Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу.
C) Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті лицензиялау.
D) Қорлық биржаларды заңды тұлға ретінде тіркеу.
E) Қорлық биржалардың есебін жергілікті маслихаттардың тыңдап, қорытынды беруі.

**90. Бағалы қағаздар қозғалысына бақылау кіммен жүргізіледі:**
A) қаржы полициясымен;
B) Салық инспекциясымен;
C) Кеден комитетімен және Конституциялық кеңеспен;
D) Қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау агенттігі
E) сауда және индустрия министрлігімен.

**91. ҚР ұлттық валютасы-теңгенің дизайнын кім бекітеді:**
A) ҚР Парламенті;
B) ҚР Президенті;
C) ҚР Ұлттық Банкі;
D) ҚР Үкіметі;
E) Бағалы Қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия.

**92. ҚР заңды төлем құралы болып табылады:**
A) Тек қана ҚР-ң ұлттық валютасы-теңге;
B) Қазақстандық теңге, сондай-ақ заң актілерімен, ҰБ-ң нормативті актілерімен бақа да төлем құралдары белгіленеді;
C) Қазақстандық теңге мен тек Ұлттық Банк белгілеген төлем құралы;
D) Қазақстандық теңге және тек заң актілерімен белгіленген төлем құралы.
E) Қазақстандық теңге, ҚР заң актілерімен белгіленген және Үкіметтің қаулыларымен белгіленген төлем құралдары.

**93. ҚР ақша бірлігін ауыстыру, оның тәртібі, мерзімдері, шарттарын белгілеу құқығы кімде:**
A) ҚР Парламентінде;
B) ҚР Ұлттық Банкісінде;
C) ҚР Президентінде;
D) ҚР Үкіметінде;
E) ҚР Ұлттық Банкімен басқа да банктерінде.

**94. ҚР мемлекеттік ақша -кредит саясатын анықтайтын және жүргізетін кім:**
A) ҚР Парламенті;
B) ҚР Ұлттық Банкі, Қаржы министлігі;
C) ҚР Есеп комитеті,Қаржы министрлігі;
D) ҚР барлық банктері;
E) ҚР Президенті.

**95. Төмендегі белгілердің бірі дамыған нарықтық мемлекеттердің ақша жүйесіне тән емес:**
A) ресми алтын құрамының өзгертілуі;
B) ақша айналымында қолда жоқ ақша нысанының басым болуы;
C) ақша айналымын ретке келтіруден мемлекеттің бас тартуы;
D) мемлекеттің шығындарының орнын толтыру үшін айналымға ақша шығару (негізінен, бағалы қағаздарды шығару);
E) кредиттік ақшаларға көшу

**96. Мемлекеттің қаржылық қызметін жүзеге асырушы органдарға жатпайды:**
A) ҚР Ұлттық Банкі;
B) ҚР мемлекеттік банктері;
C) маслихаттар;
D) ҚР шетелдік қатысуы бар банктер;
E) жергілікті әкімдер.

**97. Қаржылар саласындағы басқару процесстерінде туындайтын қатынастар:**
A) әкімшілік-құқықтық қатынастар;
B) азаматтық-құқықтық қатынастар;
C) қаржылық-құқықтық қатынастар;
D) экономикалық қатынастар;
E) қаржылық-жоспарлау қатынастары.

**98. Қаржылар туралы жоғарғы заң күші бар нормативті акті шығаратын орган:**
A) ҚР Қаржы министрлігі;
B) ҚР Парламенті;
C) ҚР Үкіметі;

D) ҚР Президенті;
E) ҚР экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі.

**99. Қаржылық қызметті жүзеге асырудағы ең басты мамандандырылған орган:**
A) ҚР Үкіметі;
B) ҚР мемлекеттік банктері;
C) ҚР Қаржы министрлігі;
D) ҚР шетелдік қатысуы бар банктер
E) ҚР Ұлттық Банкі, 2-ші деңгейдегі банктер

**100. қаржы полициясы органдарының құқықтарына жатпайды:**
A) салықтық тергеулер жүргізуге құқығы;
B) салықтық қылмыстарды ашу мақсатында жедел-іздестіру жүргізуге құқығы;
C) атылғыш қару, арнайы құралдарды сақтауға, алып жүруге, қолдануға құқығы;
D) салық заңдарын бұзғандарға әкімшілік жаза шараларын қолдануға;
E) салық заңдарын бұзғандарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға.

**101. қаржы полициясы органдарының міндеттілігі болып табылмайды:**
A) бюджетке төлемдердің төленбеуі жайлы түскен мәліметтерге тексеру жүргізу;
B) салық төлеушілер туралы мағлұматтардың құпиялылығын сақтау;
C) қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету;
D) салық заңдарын бұзылу фактілерін анықтау;
E) салық төлеуден жалтарып жүргендерді іздестіру.

**102. ҚР Ұлттық Банкісінің төрағасының орынбасарларын қызметке кім тағайындап, босатады:**
A) ҚР Ұлттық Банкісінің төрағасы;
B) ҚР Ұлттық Банкісінің Басқармасы;
C) ҚР Президенті;
D) ҚР Парламентінің келісімімен Президент;
E) ҚР Парламентінің келісімімен Ұлттық Банктің төрағасы;

**103. Қаржылық заңдар дегеніміз не:**
A) тек нақты қаржылық заңдар;
B)тқару билігі органдарының қаржылық-құқықтың актілері;
C) бюджет, бюджет жүйесі туралы заңдар;
D) қаржылық заңдардың, заңға сәйкес қаржылық-құқықтық актілердің, Президенттің жарлықтарының, қаулылардың, нұсқаулардың, т.б. жиынтығы;
E) ҚР Президентінің нормативті актілері.

**104. Қаржылық қатынас субъектілерінің өз құқықтары мен мүдделерін қорғауларының негізгі тәсілі:**
A) прокуратура органдарына өтініш жасау;
B) Адам құқықтарынқорғау жөніндегі комитетке өтініш жасау;
C) Ішкі істер органдарына өтініш жасау;
D) Сот органдарына өтініш жасау;
E) Конституциялық Кеңеске өтініш жасау.

**105. Қаржылық қызмет процессінде азаматтардың мүдделері бұзылған жағдайда шығым берудің неше тәртібі бар:**
A) 3;

B) 2;
C) 1;
D) 4;
E) 6;

**106. Салық инспекциясының лауазымды адамының заңсыз әрекетіне берілген әкімшілік шағымды қарау мерзімі:**
A) 15 күн;
B) 1 ай;
C) 20 күн;
D) 2 ай;
E) 3 ай.

**107. Қаржылық-құқықтық қатынас субъектілерінің өздерінің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау жөніндегі ең басты жолы:**
A)конституциялық кеңес арқылы;
B) сот арқылы;
C)ішкі істер органдарына арыз беру арқылы;
D)прокуратура органдары арқылы;
E)олар бағынышты органдарға шағым беру арқылы.

**108. Қаржылық жоспарлау сатыларына жатпайды:**
A) қаржылық жоспарды бекіту;
B)қаржылық жоспардың жобасын жасау;
C)қаржылық жоспарды қарау;
D)қаржылық жоспардың орындалуын ұйымдастыру және оның атқарылуын бақылау;
E) қаржылық жоспарға кәсіподақ ұйымының келісімін алу.

**109. Бюджеттік бақылаудың атқарылу бағыты:**
A)Республикалық бюджеттен бөлінетін қаражаттардың жұмсалуын тексеру;
B)жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаражаттардың жұмсалуын тексеру;
C)бюджеттердің атқарылуын және бюджеттік қаражаттардың пайдалануын тексеру;
D) бюджетті қалыптастыру заңдылығын тексеру;
E)бюджеттен тыс қаражаттардың қалыптастырылуын және жұмсалуын тексеру.

**110. Бюджеттік бақылау барысында не тексеріледі:**
A)бюджеттік қаражаттардың жұмсалуының заңдылығы мен тиімділігі;
B) бюджеттің кіріс бөлігінің қалыптасуының заңдылығы;
C)Республикалық бюджеттен төменгі бюджеттерге берілетін қаражаттардың жұмсалуы;
D) Бюджеттің орындалуы;
E)Бюджеттік ресурстардың жұмсалуы.

**111. Банктік бақылаудың атқарылу мақсаты:**
A)банктік қорлардың қалыптастырылу заңдылығын тексеру;
B) Ұлттық Банктің мемлекеттік емес банктерге қолданылатын экономикалық шектеулердің заңдылығын тексеру;
C) банктерге, шаруашылық субъектілері мен азаматтарға қолданылатын кредиттік санкциялардың дұрыстығын тексеру;
D)банктік қорлардың қалыптастырылу заңдылығын, мақсатқа сәйкес бөлінуін және тиімді жұмсалуын және кредиттік санкциялардың дұрыс қолданылуын тексеру;
E) банктен бөлінген ссуданың белгіленген мақсатқа сәйкес және тиімді жұмсалуын тексеру.

**112. Қаржылық бақылау мақсаты:**
A) жекеменшік кәсіпорындардың ақшалай операцияларының тиімділігін тексеру;
B)коммерциялық банктердің ақшалай операцияларының тиімділігін тексеру;
C) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтардың ақшаларының жұмсалуын тексеру;
D))мемлекеттік кәсіпорындардың ақшалай операцияларының заңға, мақсатқа сәйкес, әрі тиімді жүргізілуін тексеру;
E)шетелдік шаруашылық субъектілерінің ақшалай операцияларының тиімділігін тексеру.

**113. Қаржылық бақылаудың ең негізгі әдісі:**
A)ақша қаражаттарын немесе тауарлық-материалдық құндылықтарды түгендеу;
B)сот практикаларын, азаматтардың ұсыныс, өтініштері тексеру;
C)қаржылық есеп беру құжаттарын талдау және қайта есептеп тексеру;
D)ревизия;
E)алғашқы ақша құжаттарын тексеру.

**114. Қаржылық бақылаудың қағидалары болып табылмайды:**
A)жеделділік;
B)бәсекелестік;
C)жан-жақтылық;
D)іскерлік, нақтылық;
E)тұрақтылық.

**115. Қаржылық бақылау жүргізуге аудиторларға куәлік беретін орган:**
A) Қаржы министрлігі;
B) ішкі істер министрлігі;
C) есеп комитеті;
D) ҚР Президенті;
E) ҚР Үкіметі

**116. Қаржылық бақылаудың элементтері болып табылмайды:**
A) бақылау субъектісі;
B) бақылау объектісі;
C) бақылау мақсаты;
D) бақылаудың құқықтық негіздері;
E) бақылау заты.

**117. Қаржылық бақылаудың мақсатына жатпайды:**
A) қаржылық заңдардың бұзылу фактілерін анықтау;
B) қаржылық қызметке қатысушылардың өз міндеттерін сапасыз орындауын анықтау;
C) кінәлілерді анықтау, жауапкершілікке тарту ;
D) қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
E) қаржылық тәртіпті бұзушылықтарды жою.

**118. Қаржылық бақылаудың әдістеріне жатпайды:**
A) қаржылық жоспарлардың есептелулерін тексеру;
B) алғашқы ақша құжаттарын тексеру;
C) ревизия;
D) тергеушінің тергеу жүргізуі;
E) жазбаша және ауызша түсініктемелер алу.

**119. Қаржылық бақылаудың жүргізу уақытына байланысты жіктелуі түрлеріне**

**жатпайды:**
A) алдын-ала бақылау;
B) қаржылық шараны жүргізу кезіндегі бақылау;
C) қаржылық шара аяқталғаннан кейінгі бақылау;
D) тікелей бақылау;
E) ағымдағы бақылау.

**120. Кейінгі қаржылық бақылаудың пәніне жатпайды:**
A) қаржыларды басқаратын органның өз функцияларын заңды және сапалы түрде орындауы;
B) қаржылық жоспарлауды орындаудың дәлдігі және көлемі;
C) ақша айналымының, оған қоса валюталық операциялардың ережелерін сақтау;
D) мемлекеттің ақша қаражаттарының заңды түрде және мақсатқа сәйкес пайдаланылуы;
E) ұсынылып отырған қаржылық шараның заңдылығы және тиімділігі.

**121. Қаржылық бақылаудың өрісіне байланысты жіктелуге жатпайды:**
A) ақша айналымының ережелерін сақтауға байланысты бақылау;
B) валюталық бақылау;
C) бюджеттік бақылау;
D) ішкі бақылау;
E) сақтандыруды бақылау.

**122. Қаржылық бақылаудың субъектісі мен объектісінің арақатынастары бойынша түріне жатады:**
A) салықтық бақылау;
B) банктік бақылау;
C) қаржылық-шаруашылық бақылау;
D) құжаттық бақылау;
E) сырттай бақылау.

**123. Қаржылық бақылаудың ұйымдастыру белгісі бойынша бөлінуі:**
A) жоспардан тыс тексеру;
B) құжаттық тексеру;
C) тікелей бақылау;
D) ағымдағы бақылау;
E) кейінгі бақылау.

**124. Қаржылық бақылаудың толық қамтылуы сипатына байланысты бөлінуі:**
A) алдын-ала бақылау;
B) тікелей бақылау;
C) ішінара бақылау;
D) жанама бақылау;
E) құжаттық бақылау.

**125. Қаржылық бақылаудың жүзеге асыру уақыты бойынша түріне жатады:**
A) алдын-ала бақылау;
B) шын мәніндегі бақылау;
C) жоспарлы бақылау;
D) жоспардан тыс бақылау;
E) толық бақылау.

**126. Ревизияның тексеру объектісі бойынша түрі:**

A) толық ревизия;
B) ішінара ревизия;
C) құжаттық ревизия;
D) тікелей ревизия;
E) жанама ревизия.

**127. Банктерге аудиторлық бақылау жүргізуші субъектілерге лицензия беретін орган:**
A) ҚР Қаржы министрлігі;
B) ҚР Ұлттық Банкі;
C) ҚР қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау агенттігі
D) ҚР Ұлттық банкі және мемлекеттік банктер;
E) ҚР Ұлттық банкі және екінші деңгейдегі барлық банктер.

**128. Банкілік қызметті аудиторлық тексерудің мақсаты болып табылмайды:**
A) Банктің қызметінің тиімділігін тексеру;
B) Банкілік операциялардың уақытылы есепте көрсетілуін анықтау;
C) Банкілік операциялардың нақты есепке алынуын анықтау;
D) Ұлттық Банктің нормативті актілерінің орындалуын,тексеру;
E) Банкілік операциялардың жүргізілу тәртібінің банктік ішкі ережелерге сәйкес келуін анықтау.

**129. Ревизия жүргізілгеннен кейін шығарылатын ревизия нәтижесін көрсететін акт:**
A) ревизия актісі;
B) шешім;
C) қаулы;
D) өкім;
E) бұйрық.

**130. Салық заңдарын бұзушыларға қолданылатын ең негізгі заңды жауапкершіліктің түрі:**
A) әкімшілік-құқықтық;
B) қылмыстық-құқықтық;
C) азаматтық-құқықтық;
D) экономикалық-қаржылық;
E) тәртіптік.

**131. Салықтық құқықбұзушылықтың белгілеріне қайсысы жатпайды:**
A) қоғамға қауіптілігі;
B) құқыққа қайшылығы;
C) кінәлілігі;
D) жазаланатындығы;
E) зардаптың болуы.

**132. Қаржылық-құқықтық санкцияға жатпайды:**
A) өсім;
B) банктерге белгіленген экономикалық нормативтерді қатайту;
C) банктердің лицензиясын алып алу;
D) кәсіпорындарды банкрот деп тану;
E) кәсіпорынның басшысына сөгіс жариялау.

**133. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарап, әкімшілік жаза**

**шараларын қолдана алатын субъект:**
A) Банктің акционерлерінің жалпы жиналысы;
B) Банктің құрылтайшылары;
C) Банктің акционерлері мен құрылтайшылары;
D) Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау агенттігінің Басқармасы
E) Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі.

**134. Мемлекеттік бюджеттің негізгі кіріс көзі:**
A) азаматтардың өз ақшаларын банкте сақтауы;
B) салықтар;
C) баждар;
D) ақшаны эмиссиялау;
E) қайырымдылықтан түскен қаражат.

**135. Бюджеттің қалыптасуы, бекітілуі және орындалыуын есепке алу қандай валютада жүргізіледі ?**
A) АҚШ долларымен.
B) ҚР Ұлттық валютасында.
C) ҚР Ұлттық валютасында және Парламенттің шешімі бойынша АҚШ долларында.
D) ҚР Ұлттық валютасында және ҚР Ұлттық Банкі анықтаған шетел валютасында.
E) ҚР Ұлттық валютасында және ҚР Президенті анықтаған жағдайлар бойынша шетел валютасында.

**136. Заң актісімен белгіленген, бюджетті дайындау, қарау, бекіту, орындау, оның орындалуына бақылауға байланысты мемлекеттік органдардың қызметі:**
A) бюджеттік бағдарлама деп аталады;
B) бюджеттік процедура деп аталады.
C) бюджеттік жіктелу деп аталады;
D) бюджеттік сұраныс деп аталады;
E) бюджеттік алым деп аталады.

**137. Мемлекеттік қарыз.**
